

Д.Д. СУЛЕЙМЕНОВА

Батыс Қазақстан Гуманитарлық академиясы, т. ө. к., доцент, Орал қаласы

## ҚАЗАҚ ЕЛІНІң САЯСИ КҮРЕС ТАРИХЫ

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың 20 жылдарына дейінгі кезең патша өкіметінің қазақ халқын ұлттық рухтан айыру үшін барын салып, экономикалық, саяси жағынан қанауды мейлінше күшайте түсken кезеңі болды. Оның бірқатар объективті себептері де бар еді. Алдымен Ресейдің өз ішінде революциялық толкулар, қозгалыстар күшейіп, оның соны монархиялық режимнің құлауымен тынды. Ресей экономикасы бірінші дүниежүзілік соғыстан әбден күйзеліп шықты. Сол себепті ондағы экономикалық дағдарыс та өзінің шегіне жетті. Империяның аграрлық секторы дағдарысқа ұшырап, шаруалардың жаппай ашаршылыққа ұрынуы оларды ғасыр басында отар аймақтарға, оның ішінде қазақ даласына қоныстандыру процесін жеделдettі. Бұл өз кезегінде жергілікті қазақтар тараپының наразылығын күшайтті. Ресейдегі монархиялық режимге, самодержавиеге қарсы оппозициялық партиялар мен саяси құштер ықпалы қазақ даласына да келіп жетті, жергілікті халықтың саяси санаасын шындаі түсті. Міне, осындай қат-қабат қайшылықтар 1916 жылғы көтеріліске әкеліп, оның соны бүкіл қазақ даласын қамтыған ұлттық, саяси тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық қозгалысқа ұласты. Қазақ зиялды қауымы осы қозгалыстың саяси жетекші күшіне айналды.

Адамзат тарихы әлденеше рет дәлелдегендей, ұлттың бірлігі, қоғамның күші, халық рухы сын сағаттарда сыналып, шындалады. Міне, осы кезде тарих сахнасына оның шын мәніндегі ел бастаған көсемдері мен біртуар перзенттерінің үркердегі озық ойлы тобы шықты. Бұл кезең, Гумилевше айтқанда, қазақ пассионарлығының, яғни ұлттық интеллектуалдық күш-қуатының жанартаудай жартасты жара атылу кезеңі болды. Сондықтан біз пассионарлығының айқын көрінісі немесе XX ғасыр басындағы ұлттық ренессанс кезеңі саналатын осы кезеңді қазіргі жас ұрпаққа барынша теренірек ұғындырып айтуымыз керек.

Қазақ халқының қадым ғасырлардан бастау алғып, ғасырлар тоғысында ерекше сипатқа ие болған ұлт-азаттық қозгалысының қалыптасуы мен дамуы – Ресей империясымен, оның қазақ даласында жүргізген отарлау саясатының ерекшеліктерінен туындастын бірнеше кезеңдерден тұрады. Кеңес одағы дәуірінде мұндай кезеңдеу жүйесі партиялық әдебиетте қалыптасқан революциялық қозғалыс кезеңдерімен сәйкестендіріліп, оның қазақ даласындағы нақты көріністеріне, ішкі занылықтарына, тенденцияларына, ерекшеліктеріне, пайда болуы, дамуы, шарықтау шектеріне ерекше мән берілмеді. Сондықтан осы енбекте қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыс кезеңдерін ғылыми объективтілікі басшылыққа ала отырып, жаңаша жүйеледі жөн көрдік.

Кез келген халықтың ұлт-азаттық қозгалысы тарихын бүкіл әлемдік контекстен бөліп қарауға болмайды. Ал ұлт-азаттық қозгалыстың занылықтары жөніндегі зерттеулер саяси және құқықтық ілімдер тарихының негізін құрайды. Жана замандағы қазақ тарихын, оның ұлт-азаттық қозгалыстардан туындастын саяси және құқықтық тарихын төмөндейдегі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

– **бірінші кезең** – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Ресейдегі революциялық қозгалыстың ерістегінен туындаған кезең. Бұл 1905 жылға дейінгі уақытты қамтиды.

– **екінші кезең** – Қазақстанда отаршылдық езгі, патша өкіметінің қазақ халқын қанауды одан әрі қүшайтуи негізінде туындаған әртүрлі бас көтеру, наразылық акцияларынан бастап, саяси құштердің «Қазақ» газеті төнірегіне топтасуына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл – 1905-1912 жылдар аралығы.

– **үшінші кезең** – «Қазақ» газеті шығуымен ұлттық зиялды қауымның біртұтас саяси күшке айналып, оның Ақпан (1917) революциясына дейінгі азаттық жолындағы күресін қамтитын кезең.

– **төртінші кезең** – Ақпан революциясынан бастап, Алашорда үкіметінің құрылымынан аяқталатын (1917 жыл, желтоқсан) – саяси тәуелсіздік жолындағы күрес кезеңі.

– **бесінші кезең** – қазақ қауымының саяси жетекші күшін құрайтын Алашорда қозгалысы кайраткерлерінің құғындалып, қозгалыстың таратылу кезеңі (бұл 1919-1920 жылдарды қамтиды).

Енді осы кезеңдеу жүйесінің теориялық тұжырымдары мен занылықтарына тоқтала кеткеніміз жөн.

**Бірінші кезең** XIX ғасырдың аяғында Ресейде самодержавиеге қарсы әртүрлі идеялық-саяси ағымдар пайда болды. Дәл осы кезеңде империяның аса үлкен ғылыми орталықтарында кейіннен қазақ зиялды қауымының негізін қураган қазақ жастары білім алды. Олардың ішінде Ә.Бекіханов, Б.Қаратаев, М.Тынышбаев, Ж.Ақбаев, Ж.Сейдалин, Жаһанша Досмұхамедов, Х.Досмұхамедов т.б. болды. Кейір мәліметтерге қарағанда, XX ғасыр басында Қазақстанның әр түкпіренен шығып, Ресейдің түрлі қалаларында білім алған қазақ жастарының саны 700-ге жуықтаған [1]. Олардың

таңдаған мамандықтары, білім алған оку орындарының беделі, ол оку орындарының үлкенді-кішлі қалаларда орналасуына қарамастан, барлығы дерлік сол кездерде бүкіл Ресейді шарпыған саяси құреске тартылды. Олар студент кездерінің өзінде-ақ саяси қозғалыстар мен партиялар ісіне араласып, әртүрлі идеялық-саяси ағымдармен таныс болды. Егер сол тұстагы көптеген саяси қозғалыстардың «бауырластық», «тендік», «азаттық» идеяларын ұстанғанын ескеретін болсақ, самодержавия мен отарлауға қарсы бағытталған мұндай ағымдар казақ жастарының көnlінен шықты. Сондай жастардың бірі, кейін Алашорда қозғалысының көрнекті қайраткеріне айналған Әлібек Ермековтің Мұхтар Әуезовпен бірге 1932 жылы жазған әйгілі мәлімдемесінен айқын аңғаруға болады: «Менің саяси бағытым, өзім бұрын патша заманында езілген елдің баласы болған соң, әрқашан өзге мәселенің бәрінен бұрын ұлт қамын ерекше ғып жоғары ұстап, соны қалыптан асыра, көтере бағалауда болған. Оны туғызған патшаның отаршылдық саясаты. Қазақ жерін Ресей алпауыттарына жағынамын деп отаршылдыққа аяусыз тартып әпере беруі. Ұлт мектептерін жойып, шаруа жүзінде халықты жауша қанауы болған» [2].

Бұл кезеңге тәмендеңгідей сипаттар тән болды. **Біріншіден**, қарандылық жайлаған қазақ даласындағы орыс отаршылдарының озбыр әрекетін өз көзімен көріп есken қазақ жастары туған халқын отаршылдық қамытынан құтқару үшін монархиялық режимді құлатуға бағытталған кез келген саяси күштер ісіне белсene араласып, түрлі идеялық-саяси ағымдардың теориясы мен тәжірибесін оқып үйренді. **Екіншіден**, орысша саудат ашып, тәлім-тәрбие алған қазақ жастары туған халқын еуропалық мәдениет пен ғылым-білімге жақыннатудың бірден-бір жолы орыс тілін, мәдениетін, ғылымын үйрену деп білді және өз отандастарын оны менгеруге шақырды. Ұлттық мемлекеттілігін бұдан бірнеше ғасыр бұрын жоғалтып алған қазақ қоғамын бірден емес, біртіндеп саяси тәуелсіздіктің сатыларынан өткізіп барып, мемлекеттік тәуелсіздікке қол жеткізуі алға қойды. Осы орайда олар қазақ елін әуелі Ресей Федерациясының құрамындағы «құрдас» (тән дәрежедегі) автономия формасында көрді және бұл халықты орынсыз қантөгістен алып шығудың бірден-бір дұрыс жолы еді. **Үшіншіден**, толық мемлекеттік тәуелсіздік идеясы түпкі мақсат болғанымен, сол кездегі қазақ қауымында орын алған саяси-экономикалық жағдай мен саяси күштердің толық пісіп-жетілмеуі оны жүзеге асыруға мүмкіндік берmedі. Оған патша өкіметінің ғасырлар тоғысында қазақ жерін отарлауды жеделдетуі мен орыс мұжықтарын жаппай қоныс аудартуы, соның нәтижесінде қазақ қоғамындағы демографиялық, этникалық, саяси және әскери күштердің ара салмағының өзгеруі де әсер етті.

**Екінші кезең** бұл кезең – XX ғасыр басындағы Ресейдегі монархиялық жүйеге қарсы саяси күштер мен қозғалыстардың бүкіл ресейлік сипат алып, жаңа кезеңге аяқ басқан 1905 жылдан басталып, Қазақстан үшін жалпы ұлттық саяси күштің трибунасы болған «Қазақ» газетінің шығуына дейінгі кезең. Бұл кезең іштей екі бөліктен: Бүкіл ресейлік революциялық қозғалыстың қазақ даласында ұлт-азаттық күштерді ояту мен әрекетке түсіруі және оның патша өкіметінің кең көлемде жүргізген жазалау шаралары негізінде ашық бой көрсетулерден ұйымдастыран, жария саяси құреске ұласу бөлігінен тұрады. Бұл кезеңнің де өзіне тән сипаттары болды. **Біріншіден**, Ә.Бекейханов айтқандай, бұл кезеңде «бұл дала саясат ісіне тартылып, азаттық қозғалысының ағымына араласты» [3]. Әрине, бүкіл қазақ даласын қамтыған саяси қозғалыстардың басты күші – Ресейдің саяси күрес оты лаулаған орталықтарынан оралған оқыған қазақ жастары болды. Оның айқын дәлелі 1905 жылы Императорлық Санкт-Петербург университетінен еліне оралған Халел Досмұхамедов бірден саяси күрес ісіне араласып, жергілікті қазақтар арасында саяси үгіт жұмысын бастап және оның қаласында конституциялық-демократиялық партия құру жолында қазақ зиялышарының бас қосуы еді. **Екіншіден**, қазақ жастарының Ресейдегі самодержавиеге қарсы кез келген ашық наразылықты асқан жауыздықпен басқан әйгілі «Қанды жексенбі», «Лена қырғыны» оқиғаларынан кейінгі күрестің ашық, жария және өркениетті түрін таңдауы, ол түрлі питециялар мен арыз-шағым түсірулерден бастап, баспасөздегі өткір сынға, саяси құреске шақырған кітаптарға (мәселен, 1909 жылы қазақ жастарының саяси ұранына айналған «Оян, қазағының» жарық көрүі) ұласты. Осылайша жария саяси күрестің ең тәменгі сатысынан басталған қазақ зиялышарының бұл қозғалысы өркениетті елдердегі саяси күрестің күрделі формасы ең жоғарғы заң шығарушы билік органды-парламенттегі орынға, яғни Мемлекеттік Думадағы орын үшін құреске ұласты. Мәселен, 1906 жылғы қазақ зиялышарының алғашқысы болып Мемлекеттік Думаға Ә.Бекейханов сайданды және т.б. Бұл қазақ зиялышарының саяси-құрес формаларын мейлінше менгеріп, тәжірибесінің пісіп-жетілгенін көрсетті. Үшіншіден, бұл кезеңге қазақ даласындағы саяси күштер де өз ішінде жіктеліп, екі үлкен ағымның төңірегіне топтасты. **Бірінші** – орыс революциясынан кейінгі қазақ қоғамында орын алған саяси оқиғаларды саралай келіп, Ә.Бекейханов 1910 жылы олардың екі бағытта дами бастағанын атап көрсетті. Олардың алғашқысы ұлттық-діни сипатта болса, кейінгісі еуропалық мәдениет үрдісін қабылдады [4]. Ә.Бекейханов мақаласында 1910 жылға дейін қазақ даласында айқын сипатты белгіге ие болған саяси партиялардың болмағанын жазады. Сондықтан кейбір зерттеушілер жазып жүргендей, 1910 жылға дейін қазақ қоғамында жария яки жасырын

түрдегі ешбір партия жұмыс істеген жоқ, тек саяси күштердің жоғарыда аталаған екі бағыты төнірегінде топтасуы жеделдей түсті. **Төртіншіден**, бұл кезеңде саяси партиялардың әлі құрыла қоймауы өлкедегі саяси күштер жұмысын жоққа шығара алмайды. Бұл кезеңде Ә.Бекейханов атап көрсеткендегі, жасырын, қазақ съездері өтті [5]. Архив деректері дәлелдегендегі, дәл осы кезеңде Ж.Ақбаев пен Ә.Бекейхановтың саяси, шығармашылық, достық одағы басталып, олар Қарқаралыдағы саяси үгіт жұмысын өрістетеді. Батыс Қазақстан өлкесінде де саяси курес, ереуілдер т.б. деңгейдегі наразылықтар қүшейді.

**Бесіншіден**, дәл осы кезеңде саяси курес жұмысы саяси-құқықтық идеяларға ұласып, болашақ қазақ қоғамы мемлекеттілігінің нысандары талқылана бастады. Осындай талқылауларда дербес автономия алу идеясы ұсынылды.

**Ушінші кезең** ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары жалпы ұлттық саяси трибуна атқарған «Қазақ» газеті төнірегінде топтасуын одан әрі күштепе түсті. 1910 жылы Ә.Бекейханов осы уақытқа дейін қазақ тілінде кітап басатын бірде бір баспа, бірде бір газет жоғы екендейтін өкінішін айта келіп: «Бұлар туралы ой қазақ даласында азаттықтың бақытты күндері басымызға келсе де, жүзеге аспал еді», – деген еді.

«Қазақ» газетінің қазақ халқын саяси күреске жұмылдырудагы рөлін большевиктік тарихшы Н.Мартыненко 1935 жылдың өзінде-ақ: ««Қазақ» газеті Алашорда съездерін шақырудың идеологиялық дайындығының ұйымдастырушысы болды. Кейіннен бұл газет Алашорда үкіметі мен партиясының орталық органды айналды. Ол большевизмге қарсы аяусыз сынды өрістетті», – деп атап көрсетті [6]. Бұл шын мәнінде тарихи шындықта толық сәйкес келетін баға еді. «Қазақ» газеті қазақ қоғамындағы саяси күштерді топтастырып кана қойған жоқ, ол сонымен бірге жалпы қазақ Құрылтай съездерін өткізуінің бас штабына айналды. Онда талқылауға ұсынатын саяси және құқықтық мәселелерді көнінен насихаттап, халықтың құқықтық сауатын ашты. Осы саладағы алғашқы талдаулар мен зерттеулердің орталығына айналды.

Газет бетіндегі Ә.Бекейханов [7], М.Дулатов [8], Ж.Сейдалин [9] және Шәкірімнің [10] мақалаларында саяси курес, қазақ елінің жана әкімшілік бөлінісінің зиянды зардаптары, сот ісі, Мемлекеттік Думаға депутат сайлаудың жай-куйі талқыланды. Мұндай мақалалар халықтың құқықтық сауатын ашумен бірге саяси күреске шақырған үгіт-насихат құралының рөлін де атқарды.

**Төртінші кезең** Ресейдегі монархиялық режимді құлатқан 1917 жылды Ақпан революциясынан бастау алады. Бұл хронологиялық шегі қысқа болғанмен, қат-қабат саяси оқиғаларға толы тарихи кезең болды. Қазақ зиялыштары Ақпан революциясын патша самодержавиесінің келмеске кеткені ретінде қабылдап, Ресейде демократиялық негіздегі қайта құрулар жүзеге асатын болады деген үмітпен қарсы алды. Мәселең, Әлихан, Мұстафа, Міржақып деп қол қойған «Қазақ» газетіндегі «Алаш ұлына» деген үндеуде: «Азаттық таны атты... Ресейдің қол астындағы халықтардың беріне дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай, азаттық әперді. Енді бері тенеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өнімізде көріп, тәбеміз көкке жетіп отыр» [11], – деп қуана хабарлады.

Ақпан төңкерісінен кейін Алаш арыстары өзгелермен терезесі тен ұлттық-аумақтық автономия құру жолында жұмысты өрістетіп жіберді. Олардың саяси күрестегі тактикасы мен стратегиялық мақсаты да осы ұлы идеяға қызмет етуге арналды. Төртінші кезең Алаш ардагерлері қозғалысының апогейі, саяси күресінің шырқау шыны болды.

**Бесінші кезеңді** Кеңес өкіметі мен келіссөздер кезеңі деп бағалауға болады. Большевиктердің Қазан төңкерісінде женіске жетіп, Ресей империясы біртіндеп Азамат соғысының от-жалынына оранған кезеңде, Алашордашылар қазақ халқын қызылдардың қырғыны мен ақтардың лаңынан сақтап қалу үшін саяси күрестегі тактикасын өзгертип, женген де, женілген жақпен де келіссөздер жүргізе бастады. Бұл кезеңде Ә.Бекейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Фаббасов, Жананша, Халел Досмұхамедовтер Ресейдің түрлі орталықтарында болып, әртүрлі саяси, әскери күш өкілдерімен келіссөздер жүргізді. «Сарыарқа» газетінде 1917 жылдың маусымында жарияланған «Жақып Ақбаев туралы» [12] хабарда оның Құрылтай жиналысына қатысу үшін Петербургке кеткені туралы мәлімет бар. Осы кезеңде Ж.Ақбаевтың да саяси қызметі бұрынғысынан да күшейіп, зангер-ғалым келіссөздер ісіне белсене араласады.

Алаш ардагерлері алғашында большевиктер женісін кездейсоқ деп бағаларап, оны қабылдамағаны анық. Ә.Бекейхановтың 1917 жылдың желтоқсан айында «Шаруа, жұмысшы және солдаттарға арналған жаднамасында»: «Халық Комиссарлар төрағасы Ульянов-Ленин II Николай сияқты жеке дара билік жүргізіп, ешкіммен есептескісі келмейді. Билеушілердің жарлықтарына халықтық бақылау жасауды «буржуазиялық сарқыншақтар» деп есептейді.

Билеушілердің жауапкерсіздігін біз Николай патша заманында көріп едік. Большевиктер Төрағасы Ульянов-Ленин халықты Николай сияқты аузын буған малдай көреді.

Шаруалар, жұмысшылар мен солдаттар большевиктер ретіндегі революционердің қызыл маскасының ар жағында қаражұздіктердің бейнесі көрінеді» [13], – деп жазады.

Алғашында большевиктерге мүлде қарсы позиция ұстанған Алашордалықтар кейіннен біртіндеп саяси құрес тактикасын өзгертіп, олармен де келіссөздер жүргізеді. Оның нәтижесін туған халқының тәуелсіздігі жолындағы ұлы мақсаттарына пайдалануды көздейді.

1917 жылдың желтоқсанында большевиктер мен оның көсемі В.И.Ленинді аяусыз сынға алған Ә.Бекейханов арада небәрі үш ай өткенде Семей қаласынан тікелей телефон байланысы арқылы В.И.Ленин және сол кезде большевиктік үкіметтегі Ұлт істері халық комиссариатын басқарған И.В.Сталинмен келіссөз жүргізеді.

Большевиктер Алаш қайраткерлерін жалған уәдемен алдап, өз жағына шығарады. Шын мәнісінде көптеген зиялдықтардың қаласынан тікелей телефон байланысы арқылы В.И.Ленин және сол кезде большевиктік үкіметтегі Ұлт істері халық комиссариатын басқарған И.В.Сталинмен келіссөз жүргізеді.

Қазақ халқының XIX ғасыр аяғы-XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық құресін жоғарыдағыдан көзендеу оны Ресейде ғана емес, қазақ жерінің өз ішіндегі саяси қозғалыстар мен құштердің пайда болу, даму, өрістеу заңдылықтарынан туындағы және оны анықтауда саяси және құқық тарихы саласындағы зерттеулерде жинақталған тәжірибе де ескерілді.

1917 жылдың ақпан айында патшаның тақттан құлауы, Ресей империясы құрамында болып келген халықтардың ұлттық қозғалыстарының өрлеуіне орасан зор ықпал етті. Қазақ халқының қөшбасшысы болған зиялдықтар жаңа қоғам құру сәті келгенін айқын түсініп, жаңа жағдайдағы саяси құрес жолына шықты.

1917 жылы Ақпан төңкерісінің женісі құллі қазақ деген ұлт зиялдыларының басын бір жерге қосуға мүмкіндік әкелді. 1917 жылдың сәуір-мамыр айларында көптеген облыс-уездарда орталықтарында аймақтық қазақ съездері өткізіліп, қазақ комитеттері құрыла бастады. Оралдың жекелеген өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдары болған облыстық және уездік атқару комитеттерінің құрамына енгізілді.

1917 жылы қазақ съездері Орынбор (Торғай облыстық), Орал (Орал облыстық), Семей (Семей облыстық), Омбы (Ақмола облыстық) қалаларында болды. Қазақ съездерін өткізуғе ұлт зиялдылары Ә.Бекейханов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Фаббасов, Р.Мәрсеков, А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов т.б. белсене кірісті.

Орал облыстық қазақ комитеті – Жайық өзенінің сол жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органдары. 1917 жылғы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық съырты қазақтарының 1-інші съезінде бұрынғы Жайық съырты бөлігін басқару жөніндегі уақытша комитеттің орнына құрылды. Комитетке мүше болып Жаһанша Досмұхамедов, Ы.Токберлиев, Х.Тасымов, Т.Сарбөпиеv, Е.Мұқанов, Д.Сәрсенбаев, Ф.Әлібеков, Д.Күсепқалиев, Б.Жанқадамов, Р.Қаржаубаев, Д.Жұлдызов, Х.Досмұхамедов, Ы.Топаев, Е.Әбенов, К.Жәленов, Ф.Есенғұлов, С.Қаратілеуов, Б.Жұмагалиев, С.Омаров және Б.Тілепин сайланды. Комитет 1-інші Орал облыстық қазақ съезінің Жайық съырты бөлігіндегі бұрынғы төрешіл-бюрократтық басқару жүйесін коллегальды халықтық басқару жүйесіне ауыстыру жөніндегі шешімінен туындаған барлық қаулы-қарапарды жүзеге асырумен шұғылданды. Орал қаласындағы, уездердегі қазақ қаржысына салынған жылжымайтын дүние-мұлікті есепке алып, қазақ пайдасына қызмет еткізу, елден еркіті жылу жинау, оқу орындарын ашу, жәрменкелер өткізу, азық-түлікпен қамтамасыз ету, басқа қоғамдық ұйым-мекемелермен байланыс жасау ісімен айналысты.

Орал облыстық 1-інші қазақ съезін шақырушылар оған мүкият дайындалды. Делегаттар арасында, Орал облысының уездерін айтпағанда, барлық болыстардың өкілдері болды. Съезді шақыру жөніндегі ұйымдастыру бюросы жұмысын бастаудан көп бұрын F.Әлібеков төрағалық өткен Уақытша облыстық қазақ комитетін құрған болатын. Съезді кіріспе сөзбен ашып, оның төрағасын, екі орынбасарын және үш хатшысын сайлау жөнінде ұсыныс жасаған F.Әлібеков болатын. Төрағалыққа Жаһанша Досмұхамедов сайланды.

Жаһанша Досмұхамедов, съездің хаттамасындағы мәліметтерге қарағанда, Томск округтық соты прокурорының қызметін атқарған; Ол съезд жұмыс істеген кезде Оралда демалыста жүрген болатын. Округтық сот орынбасары үлкен лауазым иессі болған. Оған Томск губерниясындағы саяси айдауда болғандар мен қамау орындарының үстінен қарау құқығы берілген болатын.

Оның орынбасары болып F.Әлібеков пен А.Қалменов, хатшылар болып F.Жетпісбаев, Х.Ахметшө және Н.Арғыншиев сайланды.

Орал облыстық қазақтарының 1-інші съезі 1917 жылдың 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өтті. Қазақ съезіне 800-ден астам делегат қатысты. Съезд қазіргі Ж.Молдағалиевтың ескерткіші тұрған жерде, бұрынғы цирк үйі болған орында өткізілді, оған Байұлы, Әлімұлы, Жеті ру өкілдері мен болыс басшылары қатысты.

Съезд күндізгі сағат 12-де басталды. Съезді уақытша қазақ комитетінің төрағасы F.Әлібеков ашып, құттықтау сөз сөйлемді. Жаһанша Досмұхамедов съезд делегаттарына өзіне көрсетілген сенім

үшін алғысын айтып, қазақ халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін құрбан болғандарды еске түсіріп, мұсылмандық рәсім жасауды ұсынды. Жаһаншаның халық алдындағы алғаш рәсімі ата көрген, парасатты, халқының әдет-ғұрлын сақтай алатын жан екенін көрсетіп берді, съезд делегаттары бұл ұсынысты бір ауыздан мақұллады.

Съезд Ақпан төңкерісін қуаттап, Уақытша үкіметтің басшысы князь Львовқа, Мемлекеттік Думаның төрағасы Родзянкоға, Петроград жұмысшы және солдаттар депутаттарының Кеңесіне, Әділет министрі Керенскийге құттықтау жеделхат жібереді.

Съезді Уақытша үкіметтің Оралдагы комиссары Григорий Бизьянов, жергілікті татар қауымының өкілдері құттықтады.

Орал облыстық 1-інші съездің 1917 жылғы 19 сәуір күнгі мәжілісінде үш мәселе талқыланды: 1. Мемлекетті басқару туралы; 2. Уақытша үкіметке және жүріп жатқан соғысқа көзқарас туралы мәселелер. Бірінші мәселеге байланысты делегаттар «демократиялық республика» идеясын қолдады. Ал ұлттық-территориялық федерация мәселесін әзірге ашық қалдыруды ұсынды. [14]

Съезд Уақытша үкіметті «оның қызметі, уәде етілгендей, ...демократия мұддесін қорғауға бағыттала беретін болса», қолдайтындығын билдірді. Соғысқа байланысты делегаттардың пікірі оны герман милитаризмі женіліс тапқанға дейін жүргізе беру керек дегенге тоқтады және бітім Петроград кеңесі ұсынған аннексиясыз және контрабуциясыз принциптері негізінде жасауға тиіс делинді.

Съезд қабылдаган осы үш мәселе жөніндегі қарарларды талдау Уақытша үкімет қызметінің басты бағыттарын қолдаганымен, сонымен қатар өз іргесін одан аулағырақ ұстағанын көрсетеді. Осыған дейінгі болған Торғай және Жетісу съезінен Орал съезінің айырмашылығы 1-інші күні құрамында 20 адам бар Жаһанша Досмұхамедов басқарған облыстық қазақ комитетін сайлау болды.

Орал облыстық съезінің күн тәртібі басқалардің көзінде айтарлықтай ерекшеленіп тұр. Зерттеуші К.Нурпейісов дұрыс көрсеткеніндей, көлемі де, деңгейі де, маңызы да әртүрлі бір-бірімен байланысты үш мәселе – жалпы мемлекеттік, ұлттық және аймақтық (жалпырессейлік, қазақтық немесе қазақстандық және Оралдық ) мәселе жеке жүйеленген [15]. Мұның үстінен съезде талқыланған мәселелер оған қатынасушыларға сол кезеңнің сан қылышы оқиғаларын бағалауға ғана мүмкіндік беріп қоймаған, сонымен қатар келешекті болжауға да тұрткі болған. Съезде қаралған мәселелер саны 23-ке жетіп, басқа съездердің күн тәртібінен әлдекайда асып жығылды.

Батыс өніріндегі осы кезең туралы өз естелігінде Ә.Әйтіев былай деген: «Ақпан революциясынан кейін Орал аймағын басқару жөнінде Азаматтық комитет құрылып, оның құрамына Б.Қаратаев, Ф.Әлібеков, И.Тоқберлинов, Д.Күсепқалиев, Ә.Әйтіев, И.Жаленов, кейіннен студенттер К.Жален, Б.Жанқадамов, дәрігерлер, Н.Ипмағамбетов, Х.Досмұхамедов кірді. Бұл комитеттің одан арғы жұмысын жасау мақсатында қазақ өкілдеріне съезд шақыру қажеттігі айтылып, кесілді», – деп жазады [16].

Осылайша, съездің алғашқы күнінің мәжілісі аяқталды.

Орал облыстық 1-інші съездің **2-інші күні** (20.04. 1917ж.) аграрлық мәселелерді талқылауға арналады. Бұл мәселедегі ерекшелік сол, оралдықтар аграрлық мәселені түбөгейлі шешуді Құрылтай жиналышының үлесіне қалдырғанымен, оның делегаттары жер иемдену көлемі еңбек нормасына сай болу қажет деп шешеді. Сөйтіп, бұл мәселеде өздерінің Ресейдін халықтық-социалистік партиясының бағытына жақын тұратындықтарын анық билдіреді. Съезд делегаттары мемлекеттің жана жерлерді алу құқына қол сұқпайтындарын мәлімдегеніне қарамастан, облыска сырттан көшіп келуге және қазақтардың пайдалануындағы жерлерді алуға тыйым салуды қолдайтындықтарын ашық билдірді.

Талқыланған мәселе бойынша съезд мынадай шешім алады:

1. Қазақ жеріне келімсектерді жіберуді тоқтатып, осы кезге дейін пайдаланбай келген монастырьлердің, шіркеулердің, дворяндардың жерлері қазақтарға себеп-сұлтаусыз қайтарылысын;

2. Қазақтарға бұрынғы қазына меншігіндегі орман, саяжай, далалық аймақтардың шөптерін шабуға рұқсат беріледі, бірақ орманда шабуға, орман арасына мал жаюға тыйым салынды, малды орман арасындағы ашық жерлерге, далада жаюға рұқсат етіледі;

3. Қоныс аударушылар тұрып жатқан жерлер Құрылтай жиналышы жер мәселесін шешкенше, оларға пайдалануға қалдырылады;

4. Шалқар және Индер көлдерінің талас мәселелері, ондағы балық аулауға байланысты дау жана заң қабылданғанға дейін, қалдырыла тұрады;

5. Гурьев және Темір уездерінің көшпенделеріне отырықшы қазақтар территориясының үстінен көшіп-қонуға рұқсат етілді; Сонымен қатар шаруашылықтарға еш зиян келтірмей жағын ойластыру керек;

6. Қазақтар мен татарларға Ойыл жәрменекесі манында құрылыс салу құқығы беріледі.

Дінге байланысты съезд болыстық діни басқарманы Орынбор мұфтиатына бағындыруды жақтады [17].

Съездің үшінші күні (21.04.1917 ж.) Х.Досмұхамедов және Жаһанша Досмұхамедовтердің облыстың қазақ аудандарын басқаруды қайта құру жөніндегі бағдарламасы мен «Орал облысы далалық бөлігін басқарудың Уақытша ережелері» талқыланды.

Біріншіден, аталмыш ереженің 100-бабында іс жүзінде ауылды, уезді және облысты басқаруға тиісті өкімет пен атқару органдары жүйесін құрудың және оны іске қосудың нақтылы нұсқаулары анықталған болатын. Жаңа өкімет өзінің мәні жөнінен азаматтық болуга тиіс еді, ескі мемлекеттік аппарат түгел киратылуға жатты. Жергілікті өкімет пен басқару органдарының барлық салаларының құрылымы мен міндеттерін осыншама жан-жақты анықтау осы мәселелерді теориялық түрғыдан да, практикалық жағынан да шешуге қабілетті, зиялды күштердің Орал облысында жеткілікті екендігін көрсетті. Екіншіден, осы уақытша ережелерді даярлау қазақ автономиясына деген құлышыныстың бір көрінісі еді. Бұл пікірді «Ереженің» тоғыз баптан тұратын «милицияны құру» деп аталған төртінші бөлімі дәлелдей туследі. Бұл бөлімде ауыл, село, болыс милициясының негізгі міндеттері анықталып, уездік милиция бастығының қызмет атқару тәртібі белгіленген, сонымен бірге милиция органдарының басқа өкімет құрылымдары арасындағы қарым-қатынас жолдары анықталған. Басқа сөзбен айтқанда, 1917 жылғы көктемде «Орал облыстық қазақ съезі шешімдері арқылы» Жаһанша Досмұхамедов басқарған облыстық қазақ комитетінің басқа мүшелері 1918-1919 жылдары мемлекеттік-саяси құрылым ретінде өмір сүрген «Ойыл уәляттының» қызмет жүйесінің негізін қалады.

Мәжілістің әңгіме болып отырған үшінші күні делегаттар Бұқілпресейлік мұсылмандар съезі туралы мәселені қарап, оған қатысу үшін Мәскеуге үш саяси қайраткер – Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Ғұбайдолла Әлібековті және мұғалім Сұханов пен алты молданы жіберу жөнінде шешім қабылдады. [18] Облыска кеңінен танымал үш бірдей саяси тұлғалардың Бұқілпресейлік мұсылмандар съезінде делегат болып сайлануы олардың жалпыресейлік саяси қызметке араласуға шынымен қол созғандығын көрсеткен. Осы Мәскеу сапарында Жаһанша Досмұхамедов айтарлықтай табысқа жетті. Ол, біріншіден, Бұқілпресейлік мұсылмандар съезінде оның атқару комитетіне мүше болып сайланса, Бұқілпресейлік демократиялық мәжілісте Ресей Республикасының Уақытша кеңесінің (предпарламент) құрамына енгізілді [19].

Съездің соңғы төртінші күні облыстағы оқу-ағарту, мәдениет және шаруашылық-қаражат мәселелерін қарады. Съезд делегаттары Орал облысындағы қазақтар арасында бастауыш, орта, жоғарғы білім беру жүйесін қанағаттанғысыз деп тауып, төмендегі шешімдерді қабылдады:

- мұғалімдер съезін шақыру қажет;
- Орал қаласында Уақытша орта оқу орнын ашу қажет, ерлер гимназиясының бағдарламасы негізінде қазақ балаларына арнайы оқу орнын ұйымдастырып, оны қазақтар қаражатына салынған бұрынғы қоғамдық үйнен мектептің үйіне орналастыру жөн деп табылды;
- қазақ тілінде газет, брошиоралар шығару қажет деп табылды;
- қазақтарға тиесілі қозғалмайтын мұліктер есепке алынын, оны тиімді пайдалану облыстық қазақ комитетіне тапсырылсын;
- облыстық қазақ комитетінә жергілікті жерлерде басқару жүйесінде тұрған мәселелерді шешуде басқа қоғамдық үйімдармен, қесіпорындармен бірлесе отырып шешу құқығы берілсін;
- казак халқын біріктіру мақсатында Ресейлік съезд шақыру және Мәскеудегі жалпыресейлік съезде басқа облыстардан келген мұсылман делегаттарымен көліссөз жүргізу қажет;
- Съезд қабылдаған қаулыларды жүзеге асыру және бақылау облыстық қазақ комитетіне жүктелді.

Сонымен қатар облыстық съезд Уақытша үкіметті қолдау ісіне 1917 жылғы «Бостандық заемына» («Заем свободы») кеңінен жазылуды ұйымдастыру қажет деп тапты.

Съезде қаралған мәселелерден тыс қатынас жолдарына, азық-түлікке, баспахана ұйымдастыруға, т.б. шешімдер қабылдады.

Съезд қабылдаған шешім-қараптар хаттамасына оның тәрағасы Жаһанша Досмұхамедов, оның серіктестері (орынбасарлары) Ғ.Әлібеков пен А.Қалменов, хатшылары Т.Жетпісов пен Х.Ахмеджановтар қол қойған [20].

Орал облыстық қазақ съезі 1917 жылғы көктем айларында өткен басқа облыстық және уездік қазақ съездері сияқты қоғамдық-саяси өмірдегі елеулі оқиға болды.

Орал съезі облыстағы оқу-ағарту, мәдениет және шаруашылық-қаражат мәселелерін бір-бірімен тығыз байланыста қарады. Егер Торғай съезінің шешімдерінде жалпыға бірдей бастауыш білім алуға қол жеткізу міндеттері қойылса, Орал съезінің қарарында облыс орталығында орта мектеп ашу және кәсіби мамандардың қатынасуымен халық ағарту ісін реформалау мәселелерін талқылау үшін мұғалімдер Құрылтайын шақыру қажеттігі көрсетілді.

Орал съезінің делегаттары торғайлықтардың жалпы қазақ съезін шақыру туралы идеясын қолдады және өздерінің Бүкілressейлік мұсылмандар съезіне сайланған өкілдеріне басқа облыстан келген делегаттармен осы мәселе бойынша келіссөз жүргізуге, ортақ пікірге келуді тапсырды.

Орал облыстық съезінің құжаттарын талдау оның қазақ қауымының сол кездегі көкейтесті кейбір мәселелері жөнінен Торғай съезінің шешімдеріне деңгейлес болғандығын көрсетеді.

Бірақ Орал облыстық қазақ съезінің өзіне тән сипаты болды.

Олар: **Біріншіден**, делегаттар саны басқа облыстық съездерден көп болды. **Екіншіден**, Орал облыстық қазақ съезінде қаралған мәселелер саны 23 болуы көкейтесті мәселелерді дұрыс шешуге деген ұмтылысты көрсетеді. **Үшіншіден**, аграрлық мәселеде батыл шешімдер қабылдады. Қазақтарды өз атақоныс жерлеріне қайтадан қоныстандыруға әрекет етті. **Төртіншіден**, Орал съезі облыстағы оқу-агарту, мәденист және шаруашылық-қаражат мәселелерін қарады, жалпы білім беру негізінде орта мектептерді ұйымдастыру туралы айтылады.

Орал облысында өткен съезд жөнінде және оны басқарушылар туралы С.Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» кітабында былай деп жазады: «Съезд ашылды. Басқарма сайланды. Басқарма циркін ортасына столды құрып қойып отыр, съезд адамдары цирк ішінде жағалай толып отыр және цирк ішінде айнала иін тіресіп, съезді көруге, тындауға келген көп халық тұр. Іштерінде бірен-саран оқыған әйелдер де бар. Қарап тұрсақ, съезге Орал губерниясының қазақтарының ылғи оқығандары, байлары-«каймағы» жиналған. Ылғи «қаска мен жайсан». Съезді менгеріп отырған, барлық Қазақстандағы белгілі зор оқығандар: Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Ғұбайдолла Әлібеков тағы да көп зор оқуларап» [21].

Патша үкіметі тақтан құлаған соң, Батыс өнірінің оқыған зиялы қауымы және ел сыйлайтын жайсандаres ҳалқының тағдыры, елінің болашакта қандай бағытта даму жолына түсетеңіні, елдегі билікті қалған уақытта қалай пайдалану керектігі толғандырғаның осы тенеулерден көруге болады.

С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» романында: «Жұрттың бәрі тізіліп орындықта отыр... Бірақ өзгеден бөлек бір-ак кісі жерде. Жерде болғанда, ол кісі қара жерде емес, астында төсөлген кілем бар. Екі інінен екі кісі мінгендей, ұзын бойлы, толық. Устінде шұға шекпен. Белінде күміс кемер белбеу. Басында кәмшат бөрік. Шүйдесі тоқпақтай, «шекесі торсықтай». Төнірегіне көзінің астымен қарап қояды. Съезді басқарып отырған басқармасына қарап қояды. Съезді басқарып отырған 6-7 білгіштер де иесінен қараған аңшының итіндегі әлгі «жердегі жалғызға» қарап қояды. Бұл кім?

Бұл – Сырым батырдың ұрпағы Салық, белгілі жуан Салық болыс. Патшаның болысы... » [22].

С.Сейфуллин суреттеп отырған Салық туралы аздаған түсініктеме беріп өтейік.

Салықтың экесі Омар бай еді, Омар мен Нұрмамбет 1860 жылдарда Байбақты руынан шыққан атақты байлар болатын, олар орыстарға Өлеңті өзені бойында қала салдыртпаймыз деп бірталай қақтығысқандар еді.

Елге сыйлы, айтқан сөзі өтетін Салық болыстың съезге қатысуын С.Сейфуллин суреттеуіндегі сыйқақтауға қарамастан, ҳалқының тағдыры оны бейжай қалдырмай, елінің болашағы толғандырған деп түсіну керек.

Орал қаласында өткен съезд туралы бұрынғы студент, кейіннен «Красный Урал» газетінің редакторы қызыл большевик Ж.Жантілеуов былай дейді: «Съезд цирк үйінде өтті, кісі көп жиналды. Съезге келген әйелдерді 5 минуттан кейін шығарып жіберді. Менің есімде қалғаны, – деп жазады Жантілеуов, болашакта қазақ ҳалқын басқару формасы қандай болмақ осы жөнінде интеллигенттер сөйледі. Бұрынғы генерал-губернатор орнына земство құрылды. Осы съезде интеллигенция, молда, ишандар, феодалдық аристократтар толық бірлікте екенін дәлелдеді» [23].

Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер Орал облысындағы ұлттық-демократияшыл зияллылардың көшбастаушылары болғаны белгілі. Осы екеуі аталмыш қазақ съезін ойдағыдай өткізуге, онда қабылданған қаарлардың көпшілігінің ұлттық мұддеге сай келуіне үлкен күш-кайрат жұмысады. Алайда таптық идеологияны ту етіп ұстаған кейбір коммунист қазақтар кезінде оларға шындыққа сай келе бермейтін баға берді. Мәселен, «Досмұхамедов Халел – дәрігер, орыс тақылеттес чиновник, карьерист, мінезі тұйық, құлығы кез келген адамды шатыстырады. Оның өз күшінен сенгені соншалықты, ең ауыр авантюраға да барады. Көзқарасы жағынан монархист, Михеевтің біріншісі ме, екіншісі ме, әйтесір Дутов, Толстов, Мартиновтардың он жағында. Ал Жаһанша Досмұхамедов – зангер, шешендік қабілеті өте мықты, көзқарасы жағынан түсініксіздеу, аққөніл, ерік-жігері әлсіздеу, орыс тақылеттес, интеллигент, саяси жағынан толысқан саналы адам», – деп Ә.Әтиевтің қос азаматқа бір жақты мінездеме беруі, сөз жоқ, олардың идеялық көзқарастарының алшақтығында жатыр [24].

Міне, осындағы екі азаматтың тікелей басшылығымен даярланған уақытша ережелер, негізінен, қазақ автономиясын құруға деген талпынысты көрсетеді. Бұны «Ереженің» тоғыз баптан тұратын «Милицияны құру» деп аталған төртінші бөлімі дәлелдей түседі.

Осының алдында съездің 1-інші күнгі мәжілісі жөнінде Жантілеуовтің естелігінде: «Съезд халық жағдайына, оның тұрмысына, елдегі жүріп жатқан соғысқа көніл бөлген жоқ. Сондықтан бұл съезд жалпы халықтың үмітін ақтайтында дәрежеде емес, ұлттық интеллигенция халықтан әлі алшақ тұрганын көрүге болады» [25] – деуі жансақ негізсіз пікір екенін көреміз.

Жаһаншаның осы съезде сөйлеген сөзінің басты мазмұны мынаған саяды. «Біздің мақсатымыз – ел билеуді халықтың өз қолына беру, казақ халқы автономияға ие болып, алдағы уақытта тағдырын өз қолына алады.

Біздер тапқа, жікке бөлінбейміз, біртұтас халық ретінде болашақ үшін куресеміз.

Жайық өнірін мекендерген басқа ұлттармен достық одақ жасап, араздасуға жол бермеуіміз керек, өйткені ғасырлар бойы осы тағдырмен тығыз байланысты.

Казіргі желбіреген бостандықтың жасыл туындаудың бірлікке, туысқандыққа шақырады. Қазақ шаңырағы бәріне де пана бола бермек. Сондықтан, – деп жалғастырды төраға, – саяси авантюристерден жолды бөгейік, қантөгіске жол бермейік. Жүрттың берекесі кетуге түтеп себеп болған нәрсе – қазакта бірліктің жоқтығы. Соған байланысты қазакты дүшпаны жекелеп бір-біріне қарсы қойып, қан қақсатқан. Бізге береке-бірлік әперетін тек еділдік. Қалың халықты тонаушыларды, момынды жылатушыларды серіктікке алмаймыз. Қазакты, басқа халықтарды аяусыз қанаған патша орнынан түсті. Қазакты елдің тұрмысын, тілін, мінез-құлқын, әдет-ғұрпын білетіндер ғана басқарады. Осыған байланысты қалай болғанда да, біз Ресейден автономия алуға тиістіміз», – дегендеге цирктердегі түгел орындарынан тұрып, қызу қол соғып, қуаттады [26].

Жаһаншаның осы сөйлеген сөздерінен біз бүгінгі тәуелсіз егеменді елдігіміздің аңсағанын, оған жетудің жолдарын бір ғасырдай бұрын сезініп, бағытын белгілегенін және Төле би айтқандай, ауызбірлікке, тұтастыққа елді шақырғанын көреміз. Халықты ұлтаралық бірлікке шақырды. Осы жағынан алғанда, ол ұлтшылдықты арқау еткен жоқ, керісінше, ұлтын сүйген ұлтжанды азамат екенін танытты.

Осындай тарихи оқиғаның арасында Жаһанша Досмұхамедов те көрініп, өзін қайраткер ретінде айқындаған түсті. Елінің басқару жүйесі жөнінде, халқының болашақтағы тағдыры жөнінде, өскелен жас ұрпақтың тәлім-тәрбиесі мен білім алу деңгейі жөнінде, елді, халқын қорғау үшін «Милиция құру» жөнінде өз пікірін халқы алдында айтып, халықты бірлікке шақыруы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің саясатымен үндесіп жатқанын көреміз.

Сондықтан да Орал қазақтарының патша тақтан түскенден кейінгі еткен тұнғыш съезінің ерекшелігі – ел басқарудың жана тың бағыттарын айқындағанда, халқын талан-таражға салмауға, бұрынғы қолда бар мүлікті, жерді жаңа үкіметтік билік орнағанша, қолдан шығармауға тырысқандығында деп бағалау керек.

Бірінші жалпықазақ съезі өзінің басты назарын Қазақстанның саяси жағдайы мен өлкенің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелеріне аударды және осы мәселелерді Бірінші жалпықазақ съезі Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы саясатымен тығыз байланыста қарастырды. Алайда съезд делегаттары іс жүзінде Ресейдегі (оның ішінде Қазақстанда да) екінші үкімет рөлін атқарып отырган және күн еткен сайын еңбекшілер арасында өз беделін күшайте бастаған жұмысшы, солдат және шаруа депутаттары Кеңестері жөніндегі мәселені күн тәртібіне енгізбеді. Бірінші жалпықазақ съезінің Кеңестерді осылайша елемеуі, олардың келешекте елдегі буржуазиялық өкімет билігіне қарсы тұратын балама өкімет болатынын ескермеуі, дәллек айтсақ, түсіне алмауы, съезде құрылғандығы туралы жарияланған Алаш партиясының, оның көсемдерінің саяси тәжірибесінің аздығы, оның шын мәніндегі дәстүрлі саяси партия деңгейіне жетпегендігі, – деп жазады К.Нұрпейіс [27].

Алаш партиясының 1917 жылдың шілде айында оның нағыз саяси партияға тән Жарғысы да, бағдарламасы да болмаған. Ол жөнінде айтылып та, жазылып та жүр.

Ұлттық-мемлекеттік құрылым мәселелері туралы Кеңес өкіметі мен Алаш көсемдері арасындағы пікір қайшылықтары туралы да ғалым К.Нұрпейістің аталған еңбегінен қажетті мәліметтер келтірейік:

«Большевиктер партиясы мен Кеңес өкіметі ұлттық-мемлекеттік құрылым мәсселесін шешудің негізіне таптық жіктелу принциптерін алса, Алаш көсемдері бұған керісінше ұлттық бірлік саясатын таңдал алды. Сондықтан да олар қазақ халқын ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. Әлихан Бекейханов Қазақ автономиясы құрыла сала, «Қазақ» газеті арқылы зиялды қауымға былай деп жар салды: «Россия мемлекеті енді жақын арада үйрге қосылмайды. Бірліктен айырылсақ, мына орысша қаңғып кетеміз.

Көш бастаған ақсақал аға, зиялды іні, жергілікті жүрт қызметін таза аткар! Жалпы жүртқа мұрындық бол!». Ал Екінші жалпықазақ съезінің қазақтың автономиялы ұлттық-территориялық мемлекетін құру туралы шешіміне саяси баға бере келіп, Ә.Бекейханов кейінірек (1919 жылғы 11 ақпандан) былай деп мәлімдеді: «Съездің бұл шешімі қазақтар мекендерген территорияда анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындағы... Сол кезде

Ресейде орын алған жағдайда қазактардың жарияланған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы большевизммен күрес тұрды» [28]. Алаш көсемдері өздері құрған ұлттық-мемлекеттік мазмұндағы «Алаш автономиясын» шамалары келгенше, сақтап қалуға тырысып, өздерінің қолдарынан келген барлық амал-тәсілдерді пайдаланды. Осының нәтижесінде бостандықтың ата жауы большевизмге қарсы халықтық милиция құруға және кенестер өкіметіне наразы басқа да саяси құштермен одактасу туралы шешімге келді. Осы бағытты ұстанған Алаш көсемдерінің іс-әрекеттері туралы тағы да ғалым К.Нүрпейістің еңбегіне сүйенейік: «Сондыктан да Екінші жалпықазақ съезі милиция жасақтарын құру мәселесін жан-жақты талқыладап, оның «Алаш автономиясына» кіретін әрбір облыс пен әрбір уездегі санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйрету мен қажетті қару-жаарақпен және киім-кешекпен қамтамасыз ету жолдарын айқындауды», – деп өз ойын білдіреді.

1917 жылдың желтоқсанында Екінші жалпықазақ съезінен, Орынбордан қайтып оралған бойда Жанаңша, Халел Досмұхамедовтер қазактың батыс аймағын басқаратын үкімет құруға кірісті. Осы мақсатта облыстық Құрылтай еткізу белгіленді, оның орны болып Қаратебе алынды, ейткені қыс жағдайында жол қындығы ескеріліп, Ойыл, Манғыстау, Үйшік, Ақтөбеден келетіндер үшін Қызыл үйден ғөрі ыңғайлырақ деп ойластырылған болатын.

Бұл уақыт 1918 жылдың ақпан айының соны болатын. Қыс қарлы болғанымен, борансыз күндердің бірі еді. Ел тыныш, мал-жан аман уақыт еді. Бірақ ел басқарушылар арасында барынша аласапыран, ат шаптырып, бірімен-бірі хабар-қатынас жасап, тыным таппауда. Әсіреле оқыған, білімі бар мұғалімдер мен хат түзеушілердің жүрісі көбейген. Халықтың арасында үлкен әнгіме жүрді. «Қазақ өзін-өзі басқаратын болыпты, жерімізге, сұмызыға өзіміз қожа болатын көрінеміз» деген, «Қазақтан әскер құрайды, әйелдер ерлермен теңеледі, ендігі жерде халық бай, кедей болып бөлінбей, теңеледі екен» деген сөз біреуден біреуге тарап жатты.

Құрылтайға елге танымал, беделді, билігі жүріп тұрған атқамінерлер мен дін иелері, ауыл-жүртқа сыйлы ақсакалдар жиналған. Құрылтай Қаратөбедегі мешіт үйінде өтті. Бұл жиынды елге танымал зангер Жанаңша ашты. Осы жөнінде өз еңбегінде Ж.Ақбай: «Біздердің мақсатымыз – үкімет құру және оның тірері әскер жасақтау. Үкімет пен әскерге қаржы қажет» [29]. Міне, осы үш мәселені күн тәртібіне осы жиында енгізді. Осы мәселелердің салық мөлшері жөнінде айтты. Халық екі жіккө бөлінді. Салық «байға-байша, кедейге-кедейше» салынсын дегендер бұл жиыннан бөлініп кетті. Қаратебе жиында үкімет құрылмай, кейінге калдырылған еді. Алашорда үйыминаң бөлінгендер «Ақ жол» партиясын құрды. Н.Ипмагамбетов, А.Кенжин, С.Қаратілеуов, F.Есенғұлов, Е.Қасаболатов, М.Х. Мырзагалиев, Ә.Әлібековтер Оралға барып, большевиктер жағына шықты. Сөйтіп, қазақ автономиясы үшін күрес қазақтардың өзара келіспеушілігінен ең басты кедергіге осы съезде тап болды. Бұл «Ойыл уәлятты» Ұақытша үкіметін құрудың алғышарттары еді.

Осыдан кейін Орал өнірі қазақтарының IY облыстық 1918 жылы 18 мамырда Орал қаласының онтүстік-шығысында орналасқан Жымпіты (қазіргі Сырым ауданының орталығы) елді мекенінде өткізілді. Бұл жердің Орал қаласынан арақашықтығы – 140 км. 1886 жылы Өлеңті өзені жағасында іргетасы қаланған болатын. Батыс өнір бұл кезде Ресей империясының қол астындағы елді мекен еді. Бұл жерлерді Ресей мемлекеті іемденіп, отарлау саясатын үдептіп, жүзеге асыруда болатын.

Тап осы кезден крестьяндық қоныстандыру бастау алады.

XX ғ. басында Жымпітыда 1544 тұрғын болса, оның 402-і орыс, 271-і қазақ, 868-і татар еді. 1894 ж. Жымпітыда алғашқы мектеп есігі ашылды. Халқының басым көпшілігі татарлар мен орыстар болуы Жымпітының тоғыз жолдың торабына орналасқан сауда орталығы болғандығын сипаттайтын. Сонымен қатар бұдан әскери-әкімшілік билігінде орыстардың басым болғандығы да айқын.

Дала жүрті қаз қатар Жымпітыны шәр-қала тұтынып, оның қызыл кірпішті үйлерінің көз тартуы себепті «Қызыл үй» деп ат койды.

Алашорда басшылары болашақ қазақ билігінің астанасын Оралдан 18 км қашықтықтағы Барбастау елді мекеніне орналастыруды қөздессе, кейіннен казак-орыстардың басты қамалы Теке (Орал) қаласынан аулағырақ Жымпітыға табан тіреу жөнінде шешім алды. Съездің ашылу сөтіне 300 делегат келіп үлгерсе, ол жұмыс істеген үш күннің ішінде тағы 150-дей адам қосылды. Съездің күн тәртібіне 20 мәселе енгізілді, оның соңғы төртеуі съездің барысында анықталды.

Съезді кіріспе сөзбен ашқан Халел Досмұхамедов өзінің Мәскеуде РКФСР Халық Комиссарлары Кенесімен, Орал облысымен шекаралас кенестердің жетекшілерімен келіссөздер жүргізгенін, Орал казачествоның басшылығымен жақындасу әрекеттерін жасағанын айтты. Осы келіссөздерге съезд саяси баға беретіндігін ескере отырып, X.Досмұхамедов өзін съезд төралқасы құрамына сайламауды оның делегаттарынан сұрады. Съезд төралқасына Жанаңша Досмұхамедов (төраға), Даулетші Күсепқалиев, Жанқожа Мергенов (төрағаның орынбасарлары), Қалдыбай Асанов және Кәрім Жәленұлы (хатшылар) сайланды. Съезд делегаттарының құрамына және оның

жұмыс барысына баға бере келіп, «Яицкая воля» газетінің (әскери өкіметтің органы) тілшісі былай деп жазды: «Бұл жерде пролетарий да, буржуй да, дворян мен шаруа да, кадет те, эсер де, большевиктер мен меньшевиктер де жоқ, тек қана рулық қауымдастық өмір салтын сақтаған жалпы халықтық бір семья бар. Олардың кейде меммендікке және жеке басының екінші кезектегі мүддесіне сай айтысқа түсетіндіктері ауыз бірлікке нұқсан келтіріп жатады» [30].

Съездің күн тәртібіне енген 20 мәселенің негізгілері мыналар:

1. Ресей мен Орал облысындағы ағымдағы жағдайға көзкарас. 2. Земство делегациясының Мәскеуге баруы жөніндегі есебі. 3. Орал облыстық земство басқармасының казачествомен одактасу саясаты туралы баяндамасы. 4. Жалпы саяси бағытты анықтау. 5. Кіммен және қандай негізде одақ құру керек? 6. Орал облысының қазақ бөлімінде мықты өкімет құру. 7. Земство мекемелерінің билігін көнсөйтіп тұрғанынан көзқарас. 8. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 9. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 10. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 11. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 12. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 13. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 14. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 15. Орал облысында басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас. 16. Оралдың земство басқармасын қырға көшірүп тұрғанынан көзқарас.

Съезд күн тәртібінің мазмұнынан көрініп тұрғанында, онда жалпы мемлекеттік, аймақтық және ұлттық саясаттың көкейкесті мәселелері қамтылған. Сонымен қатар съезд талқылайтын мәселелер қатарында ымыраға келу, ұлттық бірлікті сақтауға байланысты мәселелер болғандығы айқындалып тұр (мәселен, «Кіммен және қандай негізде одақ құру керек?»).

Жалпы саясат мәселелері жөніндегі өз стратегиясы мен тактикасын белгілей келіп, Орал облыстық қазақ съезі өзінің негізгі міндеттерінде бүкілпресейлік Құрылтай жиналасы мен келешектегі Ресей Федерациясындағы қазақ автономиясы үшін курес идеясын алға тартты.

Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер съезд шешімімен «Ойыл уәлаятының» Уақытша үкіметін құрды. Оның құрамына Ілбішін, Орал, Атырау, Ақтөбе, Үргызы уездерінің қазақтар мекендеген аудандары мен Маңғыстау, Ойыл және Бекей уездері кірді. Осы өнірде 1917 жылы жойылған Уақытша үкіметтің билігі жүретін болды. Басқа сөзбен айтқанда, бұл әрекет екінші жалпы қазақ съезінің ұлттық-территориялық автономия құру жөніндегі шешімінің Батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясында жузеге асуының көрінісі еді.

«Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі – XX ғасырдың басында Жайық өнірінде орнаған мемлекеттік-автономиялық құрылым. Ол 1918 жылдың мамыр айының сонында Жымпітыда өткен IY Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылды.

«Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметінің атапу жөнінде Н.Мартыненко «Алашорда» атты құжаттар жинағында: «Құрылған үкімет Жайық өзенінің арғы бетінде орналасқан, онда тұратын халықтар түгел дерлік қазақтар, ол территориялық бөлік Ойыл облысына жатады. Сондыктан осы облыстың атамен үкімет «Ойыл уәлаяты» аталды», – деп жазады [31].

F.Әнес пен М.Тәж-Мұрат: ««Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі орталық Алашордадан белініп кеткен жоқ және бүкіл қазақстандық билікке ие болуды да көздемеген. Мемлекет құрылымы жағынан ол – федерация объектісі, құқықтық-саяси дербестігі жағынан автономиялық республикалар құрылымындағы кантон, штат, өнір (земж) деңгейінде тұрды», – деп жазады [32]. Сүйінов С. «Бекей ордасы» атты кітабында «Ойыл уәлаяты» үкіметінің құрамын былайша тізбелеген. [33] Үкімет құрамына 7 адам сайланды. Олар: Жаһанша Досмұхамедов, Халел Досмұхамедов, Дәүлетше Қүсепқалиев, Салық Омарұлы, Қалдыбай Асанов, Фабдол-Ғалым Куанайұлы, Сабыр Сарғожин.

Жымпітыда 1918 жылы мамырда өткен қазақ съезінің шешіміне сәйкес, Жаһанша бастаған «Ойыл уәлаятының» Уақытша үкіметі Жымпіты қалашығына келіп орналасты, орны: Мектеп үйі [34].

Бүгінде Жымпіты елінде мектеп үйі құлаған, дегенмен 2008жылы Батыс Алашорданың 90 жылдығына «Алаш» - саябағы ашылып, 10 алаш қайраткерлерінің мүсіндері қойылып, ескерткіш орнатылды.

2012 жылы Жаһанша Досмұхамедовтың 125 жылдығына «Алаш» мұражайы ашылды. 2013 жылы 13 шілдеде Батыс Алашорданың 95 жылдығына «Алаш қозғалысы: кеше, бүгін және ертең» атты Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция өтті. Алаш тарихы болашақ ұрпаққа мұра болып қалуы тиіс.

#### ӘДЕБИЕТ

1 «Социалды Қазақстан», 1932, №133, 10 маусым

2 Ә.Бекейханов. Таңдамалы (избранное). – А., 1995. – 756.

3 А.Бекейханов. Киргизы //Формы национального движения в современных государствах. СПб., 1910. 577-б

4 Ә.Бекейханов. Таңдамалы. – А., 1995. – 76-б.

5 Сонда, 75-б.

6 Н.Мартыненко. Алаш-Орда. Сборник документов. – А., 1992. – 17 б.

7 «Қазақ газеті». Би һәм билік» (1916, №184), Запрос(1916, №183), Петроград хаты (1916, №186), Тозған ресім-азап (1913, №44), Мұсылман съезі (1914, №69), Дума һәм қазақ (1913, №23).

8 «Қазақ» газеті. Жер аудару (1913, № 9), Сот ісі (1913, №31), Ушінші ионъ законы һәм қазақ (1914, №51), Государственная Дума (1916, 170).

9 «Қазақ газеті». Азыл-тозып кеттеске не амал бар? (1913, №24).

10 «Қазақ» газеті. Би һәм билік туралы (1914, № 65 ).

11 «Қазақ »газеті, 1917, №255, 21сәуір.

*Известия Национальной Академии наук Республики Казахстан*

---

- 12 «Сарыарқа», 1917, №2, 19 маусым
- 13 Ә.Бекейханов. Таңдамалы. – А., 1995, 414б
- 14 Уральские областные ведомости. 1917. 19 маусым.
- 15 К.Нұрпейіс. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 101б
- 16 ҚРПМ. 811 қор, 7-тізбе, 4-парақ
- 17 Н.Мартыненко. Алаш-Орда (сб. документов). – Алматы, 1992. – с.75
- 18 Бұл да сонда. 77-б
- 19 К.Нұрпейіс. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 102б
- 20 Бұл да сонда. 78-б
- 21 С.Сейфуллин. Тар жол тайғақ кешу. –Алматы, 1988. – 61б
- 22 Бұл да сонда. 69-70-б.
- 23 ҚРПМ. 811 қор, 7-тізбе, 29-іс, 139-парақ.
- 24 ҚРПМ. 811 қор, 7-тізбе, 6-іс, 6-парақ.
- 25 ҚРПМ. 811 қор, 7-тізбе, 29-іс, 139- парақ.
- 26 Ж.Ақбай. Жаһанша. – Орал, 2008. – 79-80б.
- 27 К.Нұрпейіс. Алаш һәм Алашорда. – Алматы, 1995. – 156б
- 28 Бұл да сонда.
- 29 Ж.Ақбай. Жаһанша. – Орал, 1994. – 93б
- 30 Яицская воля. 1918. 27 мамыр.
- 31 Н.Мартыненко. Алашорда. – Алматы, 1992. – с.93.
- 32 Ғ.Әнес, М.Тәж-Мұрат. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 419б.
- 33 С.Сүйінов. Бекей Ордасы. – Алматы, 2000. – 168-169б.
- 34 «Қазақ» газеті, 1918. 30 шілде.